

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Д Ә Р І С**

**Тақырыбы: ҚҰЛИЕЛЕНУШІ АНТИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ  
(ЕЖЕЛГІ ГРЕЦИЯ)**

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,  
мақұлданған: 2016 ж. «\_\_\_» қыркүйек  
№ \_\_\_ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы  
полиция капитаны И.М. Искаков**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

## ҚҰЛИЕЛЕНУШ АНТИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ (ЕЖЕЛГІ ГРЕЦИЯ)

### ЖОСПАР:

1. Грек қалаларының – мемлекеттерінің (полистердің) пайда болуы мен дамуының ерекшеліктері. (Афина және Спарта).
2. Афинадағы мемлекеттің пайда болуы. Солон мен Клисфеннің реформалары.
3. Спартадағы мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктері.

### Пайдаланылатын әдебиеттер:

- Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005
- Сейдіғалиев Т.Р., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015
- Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2008
- Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996
- Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973
- Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985
- Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.
- История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988
- Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005
- Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994
- Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960
- Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34
- Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005
- Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

## Кіріспе

Ежелгі Грецияның құлиеленуші мемлекеттері. Афинадағы рулық құрылыстың ыдырауы. Солонның, Клисфеннің және Тезейдің реформалары. Афинадағы демократиялық республиканың мемлекеттік құрылысы. Әскер, сот, полиция қызметі. Құқықтың негізгі ерекшеліктері. Драконт заңдары.

Грек қалаларының – мемлекеттерінің (полистердің) пайда болуы мен дамуының ерекшеліктері (Афина және Спарта).

Б.э.д. VІІІ — VІІ ғ.ғ.-да Грецияда рулық құрылым жойылып, құлиеленушілік қоғам мен мемлекет қалыптаса бастаған. Греция біртұтас мемлекет болмаған және мұнда бірдей халықтар өмір сүрмеген. Ол дербес қала — мемлекеттер — полистерден құралған. Ежелгі Грецияның құлиеленушілік қоғамына тән негізгі мемлекеттердің қатарынан Афины мен Спартаны атауға болады.

Ежелгі Греция полисындағы - басқа да мемлекеттердің ерекшеліктері. Спарта. Ликургтің реформалары. Аристократиялық құлиеленуші республиканың мемлекеттік құрылысының ерекшеліктері.

Рим мемлекетінің құрылуы. Сервий Туллий реформалары. Аристократиялық республиканың құрылуы. Халықтың құқықтық жағдайы. Республика кезеңіндегі саяси құрылыс. Әскер, сот, полиция қызметі.

Б.д.д. II-I ғ.ғ. Римдегі таптық күрестің шиеленісуі. Империяға өту. Принципат. Доминат. Империя кезеңіндегі Ежелгі Римнің мемлекеттік құрылысы. Мемлекеттік аппараттағы өзгерістер, әскер және полиция. Рим империясының құлау себептері.

## **Спартаның мемлекеті және құқығы**

Спартаның негізін қалаушы ретінде Ликург патша саналады. Спартада үстемдік құрушы класс ретінде спартиаттар — толық құқылы азаматтар саналған, олардың саны 8 мыңдай болған және тек Спартада өмір сүрген. Оларда жерге, малға және солардың жерінде жұмыс істейтін илоттарға меншік құқығы болған.

Спартиаттардың ұйымдасуы рулық сипатта болған. Барлық спартиаттар үш рулық филге бөлінген, әрбір фил — он «обаға», әрбір оба — он триакидке бөлінген. Спартада қанаушы тапқа илоттар — жауланған аумақтардың бас иген тұрғындары мен пәриектер — жеке бостандығы бар, бірақ саяси құқықтарды иеленбейтін және Спартаға төлем төлейтін тұрғындар жатқан.

Спартада мемлекеттік биліктің келесі органдары болған.

1. Халық жиналысы — апелла, ол герусияның ұсыныстарын қабылдаған немесе олардан бас тартқан.

2. Герусия — ақсақалдар кеңесі, 30 геронттан құралған, олардың ішіне екі патша — басилевстер («архагеттер») енген. бұл Спартаның мемлекеттік құрылымының өзіндік ерекшелігі. Архагеттер герусияға бағынған және оның келісімінсіз ешбір маңызды шешімді қабылдай алмаған.

3. Эфарат — архагеттер мен герусияны бақылау функциясын жүзеге асыратын бес адамнан құрылған комиссия.

Спартадағы құқықтың негізгі қайнар көзі ретралар табылған. Бұл — Ликург патша шығарған Спартаның негізгі заңдары. Олардың ішінде ең маңыздысы — «Ликург ретрасы».

Афина мемлекеті және құқығы. Афины мемлекетінің пайда болуы — б.э.д. VI ғ. аяқталған ұзақ процесс. Оның алғашқы кезеңі ретінде басивелс Тесейдің реформаларын атауға болады, ол синойкизм деп аталатын төрт тайпаның бірлестігін ұйымдастырған және Афинының еркін халқын сословиелерге бөлген: эвпатридтер — ақсүйектер, геоморлар — жер өңдеушілер, демиургтер — қолөнершілер және феттер — кедейлер.

Афина мемлекетінің басты билік органдары - халық жиналысы, бесжүздіктер кеңесі, ареопаг, гелиэя, стратегтер, архонттар комиссиясы, болды. Афина мемлекетінің басты билік органы халық жиналысы - эклексия.

### **Афинадағы мемлекеттің пайда болуы.**

Грекия Балкан түбегі мен Кіші Азияның батыс жағалауында орналасқан. Грекияның өзі Фракия мен Македониядан оңтүстікке қарай созылып жатыр. Грекия үшке бөлінеді: Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Грекия немесе Пелопонесс. Грекия аймақтары тау тізбектерімен бөлінеді. Афины қаласы теңізден 5 шақырым ғана қашықтықта орналасқан, теңіз қарақшыларынан сенімді жасырылып, сыртқы қауіптен қорғануы қамтамасыз етілген болатын.

**Тезей реформалары.** Бүкіл Афин халқын біріктірген Тезей деген базилевс, ол барлық белгілі рулардың басын қосты. Тезейдің саясаты "синойкизм" деген терминмен аталды, бұл сөз "біріктіру" деген мағынаны

білдіреді. Гректердің төрт руының қосылуына объективтік себептері бар. Оңтүстіктен гректерге дорийцтардың соғыс ашу қаупі төнген еді. Тезейдің 2 реформасынан бұрын Афины қалаларын басқару өз бетінше жүргізілді, тек соғыс уақытында болмаса, барлығының бас қосуы сирек болатын. Бүкіл Аттиканың бірлесуі XI-X ғасырлар. Жаңа бірлескен өкіметтің басында рулардың ақсүйектері тұрды.

Грекияның халқы: эвпатридтар, геоморлар және демиургтар болып үш бөлікке бөлінді.

Эвпатридтер-ақсүйектердің балалары, олардың әкесі де, атасы да ақсүйек әулетіне жататын. Ақсүйектерді біріктіретін олардың байлығы, бәрі де ірі жер иелері еді.

Геоморлар - жер иеленушілер де, демиургтар – қолөнершілер.

Аттиканың бірігуі және эвпатридтардың күшеюі олардың жаңа органға ұйымдасуына себеп болды. Оның аты-Ареопаг, Арес соғыс құдайының аты. Ареопаг Арес тауында жиналды. Бұл кезеңде Афинаның рулық құрылысы өзгеріп, ол енді 4 филаға бөлінді, әрбір фила 3 фратрияға бөлінді, фратрия 30 рудан, бір ру 30 еркек адамнан тұратын болды. Афина құдайы бүкіл Аттиканың құдайы деп саналды.

VII ғасырда Афины өкіметі 12 навкарияға бөлінді, әрбір навкария соғыс уақытында бір кеме жабдықтайтын. Бұл да мемлекет болудың белгісі еді. Афинада ең жоғарғы орган болып халық жиналысы саналды. Бірақ оның атқаратын рөлі төмендей бастады да, бірінші орынға Ареопаг шықты. Ареопагты рулардың ақсүйектері қолдады. Археопогтың қолында сот билігі, әкімшілік билігі, дін әкімшілігі болды. Сотты былай өткізетін: айыптаушы кешірмеу тасына тұрып айыптайтын сөзін айтса, айыпкер екпе тасына тұрып сөзін айтады. Екі жақ та шындығын айтып тұрғаны туралы құдайға ант береді. Ареопагтың мүшелері өздерінің дауыстарын екі урнаға: қайырым ету урнасына және ажал урнасына бөліп салатын.

Бұрын бүкіл халыққа тиісті күш енді тек қана эвпатридтердің қолына көшті де, солардың нарықтық жағдайын қорғады. VIII ғасырда бүкіл Афин аумағы 48 навкарияларға бөлінді, әрбір навкария үкіметке бір кеме беретін болды және архонттармен навкариялар кеңесі деп аталатын жаңадан екі алқа құрылды. Бұл сала аумақтық бөліске жататын дербес мемлекеттік белгіге айналған еді.

Ареопагтан басқа архонттың жаңа қызметі де мемлекет құрамына енгізілді, олар атқарушы үкімет болды. Бұл қызметке алған адамдар 10 жылға сайланатын еді. Уақыт өте келе олар бір жылға сайланатын болды.

Архонттардың саны тоғызға жетті: архонт-эпоним, архонт-базилевс, архонт-полемарх, қалған алты архонт-фесфометтер қызметін істейтін, осы архонттардың бәрі ареопагқа кірді.

Біздің дәуірімізге дейінгі 621 жылы Афинде архонт-фесфомет Драконт жазған құқық нормалары халыққа жарияланды. Олар тарихқа "драконт заңдары" деген атпен енді де, кейін ол жалпы шектен тыс қатал заңдардың теңеуі болып кетті.

Драконт заңдарының шектен тыс қаталдығы алдымен ұрлық үшін берілетін жазаға қатысты байқалды. Қандай да болмасын ұрлық жасаған адам өлім жазасына тартылатын. Ұрлық үшін жазалаудың қатандығы тек Драконт заңдарына ғана тән емес, ол жалпы ежелгі замандағы таптық қоғамның заңдарына тән нәрсе. Ол қауымдық меншіктің орнына келген жеке меншіктің қалыптасу және нығаю процесін көрсетеді. Драконт заңдары қанға қан алатын кекшілдікке шек қойды, өлген кісіні жерлеген уақытта моласында найзаны жерге қадаса, өлген кісінің балалары оған жаудан кек алатынан көрсеткені. Бірақ Драконт заңы кісі өлтірушіні азаптауға тыйым салады. Бұл заң кастықпен әдейі өлтіру және абайсыз өлтірудің айырмашылығын айтқындауды қажет деп санайды. Дегенмен Драконттың ауызша қарапайым құқықты қағазға түсіріп жазуы, қанға қан алатын кекшілдікке шек қойып, жеке меншікті қорғауы, сот ісінің барысын анықтап, айқындауы өз кезеңі үшін прогрессивтік болды.

Заңның қағазға түсіріліп, қабылдануы демос пен евпатридтер арасындағы қайшылықтарды тоқтата алған жоқ. Өйткені ол демостың нарықтық жағдайын қандай да болмасын дәрежеде айтарлықтай өзгерте алмады. Оның бұрынғысынша құқықсыз қалған жағдайы тіпті ескерілген де жоқ. Ал демостың күші барған сайын арта түсті. Тұрғылықты демос басқа полистерден келген гректермен толықтырылып отыратын.

**Солон реформалары.** Б. д. дейінгі 630 жылы эвпатридтерге қарсы Килон қуғын-сүргіні болып өтті. Бірақ ол жеңіске жете алған жоқ. Б. д. дейінгі 594 жылы архонт болып Солон сайланды. Оның алдында екі мақсат тұрды: Афина полисін басқару және Саламин аралын жаулап алып, Мегара қаласын Афинаға бағындыру. Саламин аралы Афинаның Пирей шығанағына кіретін жолын бақылауға қолайлы орналасқан, сондықтан оны өзіне қаратудың Афина үшін маңызы ерекше болды. Солон Кодрид даңқы елге жайылған Афина базилевсі. Бірақ мүліктік жағдайы бойынша Солон іс жүзінде демостың орта жігіне жататын, өйткені ол саудамен айналысатын (сол саудадан байыған) Солон жіберген афин отряды бұл тапсырманы орындады. Ол саяси тақырыпқа өлендер шығаратын елге белгілі ақын әрі философ еді. Солон өзінің реформалар үшін шығарған заңдарын өлеңмен жазған. Бұндай талант Солонның атағын, халық алдындағы беделін жоғары көтерді. Солон істеген елеулі жұмыстарының бірі - заң қабылдау. Солонның реформаларын нарықтық және саяси деп бөлуге болады. Заң шығарушы ретінде Солон селолық, негізінен ауқатты қалалық демостың және оларға қосылған евпатридтердің мүддесін жақсы сезініп, нарықтық мәселелерді айқын түсінетін.

Бірінші шешілуге тиісті мәселе - салық және жер болды. Евпатридтер өзінің көршісіне қарыз берген кезінде оның жер үлесіне қарыздың бағасы көрсетілген тас бағана қоятын. Жер үлесінің иесі алған егіннің алтыдан бірін евпатридке тапсыруға тиісті бодды. Ал егер оған шамасы келмесе, оның жері қарыз берген қожаның қолына өтуі шарт. Одан кейін қарызды өтей алмайтын адамдар өзінің жеке бостандығын кепілдікке салып, ұзақ мерзімге қарыздар үшін құлдыққа түскен. Мұндай жағдайда ол шетелдерге сатылып кетуі де

мүмкін еді. Солон бұл проблеманы шешу үшін "сисахфия" деген реформа өткізді. "Сисахфия" дегенде "ауыр жүкті сілкіп тастау" деп түсіну керек. Ол бойынша жер учаскесінде орнатылатын бағаналар жойылды. Сөйтіп, шаруалардың қарыздары жойылды. Қарыз үшін құлдыққа түсу дегенді де өмірбақи жойды. Солон шетелге қарыз үшін сатылған құлдарды іздестіріп, оларды қайтадан сатып алып, отанына қайтарып отырған.

Оның "сисахфия" реформасына бірде бір тап риза болған жоқ. Евпатридар оған кедейлер қарызын төлемеді деп ренжіді, ал кедейлер жерді қайтадан халық арасында бөлмеді деп наразылық білдірді.

Солон Аттикадан астықты сыртқа шығаруға тыйым салды да, басқа азық-түлік өнімдерін (жүзім, бау-бақша шаруашылығын) сатуға рұқсат етті.

Қолөнер мен сауданы өркендету мақсатында Солон мынадай заң шығарды: егер кезінде әкесі баласына мамандық беріп, қолөнерге үйретпесе, баласы әкесі қартайғанда жәрдем көрсетуден бас тарта алады.

Солон бүкіл елге ортақ өлшем енгізіп, ақша реформасын жүргізді. Бұл реформа бойынша жаңа жеңіл евбей таланты қарым - қатынасқа енгізілді.

Солон Аттиканың нарықтық өмірін жандандырып, нысапсыздыққа қарсы күресті. Ол сый-сияпатпен жерлеуді, қымбат мазарларды салуды және тасаттық беруді тыйды. Солон қарыз берушіге 9 проценттен артық өсім белгілеуге тыйым салды. Солон өткізген нарықтық реформалардан кейін құлдарды тек қана шетелден әкелетін болды, Аттиканың азаматтарын құл ету мүлде тоқтатылды.

Солонның нарықтық реформасы саяси реформалармен толықтырылып отырды. Ол генократияны ("генос"-ру) - рулық аристократтардың билігін жойып, оны тимократиямен ("тима"- баға, күн), яғни, дүние, мүлік цензісіне негізделген билікпен алмастырды. Ол осы арқылы ақсүйектерді рулық құрылыстың ескі әдет-ғұрыптармен байланыстағы ерекше жеңілдіктерден айырды. Ареопагаен қатар Солон 400 кеңесі деп аталатын жаңа орган шығарды. Бүкіл Аттиканың азаматтары елдегі дүние-мүлік цензісіне қарай топтарға бөлінді. Оның негізіне егін шаруашылығынан алынатын натуралдық табыс алынды. Бірінші топқа өзінің жерінен астық түрінде немесе сұйық өнім түрінде 500 медимнен кем табыс алмайтын азаматтар жатқызылды (Бір медимн 41-53 литр май, шарап немесе бидай). Бұл тап бес жүздік деп аталды.

Екінші топқа өзінің жерінен 300 медимнен кем табыс алмайтын азаматтар кірді. Оларды салт аттылар деп атады, өйткені олар өзінің әскери атымен атты әскер қатарына өтуі керек болды.

Үшінші топқа өзінің жерінен 200 медимнен кем табыс алмайтын азаматтар кірді. Оларды зевгиттер деп атады, яғни, олар өз өгіздерін жегетіндер, олар жаяу әскер жасағында қызмет етуге және жеке өзінің ауыр қару-жарағын иеленуге міндетті еді.

Төртінші топқа табысы 200 медимнен аз азаматтар жатқызылды. Олар феттер деп аталды. Әскери қызметте олар қосымша жұмыстар атқарды.

Ең бай топты Афины азаматтары-әскери кемелерді жасақтап, оларды қалыпты жағдайда ұстап тұруға тиісті болды. Солон Ареопаггы әлсіретті, ол

оның құзыретінен халық жиналысында қаралатын істерді дайындау міндетін тартып алып, төртжүздік кеңесінің қарамағына берді.

Бұл істерді әзірлеу үшін Солон Бүле (400 кеңесі) деп аталатын жаңа мемлекеттік орган құрды. Ол ертеден келе жатқан рулық төрт филаларының жиналысында 1, 2, 3, топтардың азаматтарынан сайланатын бодды.

*Халық жиналысы* Солон реформаларының нәтижесінде Аттиканың өмірінде бұрынғыдан әлдеқайда белсенді рөл атқара бастады. Онда ағымдағы саяси мәселелер талқыланып, архонттар және басқа да жоғарғы қызмет адамдары сайланатын. Кейін олардың бәрі өз жұмысы жөнінде жиналыс алдында есеп беретін болды. Халық жиналысына азаматтардың бәрі де қатынасты.

/е/шэя-жоғарғы сот. Демек ант берген қорғаушылардың 6000 адамынан жаңа жоғарғы сот құрылды. Бұған барлық төрт топтың азаматтары қатыса алатын болды. Гелиэя он комиссиядан құрылды, оның әрқайсысында 501 адамнан болды, қалғаны запастағылар есебінде болды.

Солонның саяси реформасынан кейін, жоғарыша ескертілгендей, азаматты оның шыққан тегіне қарай бағалау өлшемі, енді дүние-мүлкіне қарай бағалаумен ауыстырылды. Архонттарды бірінші дүние-мүлкті топтан ғана сайлауға болатын еді, ал 1-3 топтың азаматтары төртжүздік кеңестің мүшесі бола алатын. Барлық төрт топтардың азаматтары халық жиналысына және гелиэяға қатыса алатын болды. Солонның реформалары ру ақсүйектері-евпатридтердің билігін тежеп, ру-тайпалық ескі әдеті ұрыптарын жоюға бағытталған еді. Евпатридтер енді оларды қанай алмайтын болды. Бұл реформалар шетелдерден құлдарды сатып әкелу негізіне сүйенген құл иеленуші шаруашылығының дамуына әкеліп соқты.

Тұтас алғанда Солонның реформалары белгілі дәрежеде компромистік реформалар еді. Ол ареопагқа оның заң шығару және бақылау функцияларын қалдырды, Аттиканың ескі ру-тайпаға бөлінуіне, төрт рулық тайпаға филаға бөлінуіне тиген жоқ. Ал оның бер жағында Аттикада аумақтық ру-тайпаға бөліну принципі Солонның реформасына дейін-ақ бұзылған болатын. Барлық халықтан соғыс кемелерін жасауға қаржы жинау үшін Аттика 48 навкария деген округтерге бөлінді. Солон реформаларының Аттиканың онан әрі әлеуметтік, нарықтық және саяси өркендеп дамуында орасан зор маңызы болды.

Солон өзінің реформаларымен евпатридтердің ашу-ызасын туғызды. Оның реформаларына демостың кедей жіктері де риза емес еді. Олардың ашжалаңаштығының негізі - бөлініп берілген жердің аздығы еді. Кедейлер евпатридтердің жерінің бір бөлігін алғылары келді, бірақ Солон оны орындамады. Солонның ценз реформасы азаматтардың онша бай емес жіктерінің саяси құқықтарын шектеді. Ескі төрелер де оған қарсы шықты. Солонның реформалары әлі жеткіліксіз болды деп түсінген демостың төменгі жіктері де наразылық білдірді. Солон біраз уақытқа Афинадан кетуге мәжбүр болды. Солон кеткеннен кейін көп ұзамай-ақ Аттикада топтық және саяси күрес шектен тыс шиеленісіп кетті. Өзара тартыс кезінде үш түрлі: әлеуметтік, саяси және аумақтық топтар құрылды. Педиэйлер-олардың



басында Ликург тұрды, бала Парлийлерде-Мегакл, Диакийлерде-Писистрат көсемдік жасады. 560 жылы бұл күресте Писи-страт жеңіп шықты. Ол Акрополды басып алды да, мемлекеттік төңкеріс жасады. Сөйтіп ол тиранға айналды. Бірақ ол Солонның заңдарын жойған жоқ, қайта кезінде Солон бастаған әлеуметтік, нарықтық және саяси реформаларды жалғастырды. Писистраттың ең басты шараларының бірі-мемлекеттік ұзақ мерзімді қарызды енгізу болды. Бұл өзгеріс шаруалардың жағдайын жеңілдетті.

Шаруалардың сотқа байланысты жұмыстарын жеңілдету үшін Писистрат демаларды аралап жүретін соттар қызметін енгізді. Ол мөлшері оннан бір тұрақты табыс салығын енгізіп, мемлекет қазынасын тәртіпке келтірді.

Қала демостарының - саудагерлер мен қолөнершілердің де мүддесін ескеру қажет болды. Олардың мүддесі үшін Писистрат қызу сыртқы саясат жүргізді. Қолөнершілер экспортқа қара лак вазаларды көптен жасайтын. Писистрат құдай Диониске-жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісінің қамқоршысына сыйынатын мемлекеттік діни қызмет ұйымдастырды. Дионистің құрметіне жалпы қалалық мереке-тойлар - ұлы дионисийлер өткізілетін. Сонымен қатар Писистрат-Афина қаласын сауда қолөнер және мәдени орталық ретінде дәріптеуге тырысты.

Қала қамқоршысы Афина құдайының құрметіне ұлы Панафинеялер өткізілді. Писистрат б. д. дейінгі 527 жылы қайтыс болды. Ол өле-өлгенше өкімет басында қалып қана қойған жоқ, сонымен қатар билікті өзінің балалары Гиппий мен Гипархқа беріп кетті.

Б. д. 510 жылы тирандық өкімет билігі жойылды. Писистраттың Гипарх деген баласын евпатридтер өлтірді де, Гиппийді Афинадан қуып жіберді. Бұл көтерілісті Спартаның көмегімен Алкмеонид руы басқарған еді.

**Клисфеннің реформалары.** Б. д. дейінгі 509 жылы Клисфен (Алкмеонир руынан) реформалар жасауға кірісті. Оның бұл реформалары ру-тайпа қатынастарының қалдықтары мен сарқыншақтарын толық жойды және Афинада құлиеленушілік демократия жүйесін қалыптастырды.

Ол ескі төрт ру-тайпалы филаларды жойып, олардың орнына он аумақтық филалар құрды. Әрбір фила үш бөлімнен құралды: қалалық, теңіз жағалауы және ішкі аудандар. Алғашқы екеуінде демос, үшіншісінде аристократтар басым болды. Клисфен бұл үш ауданның әрқайсысын 10 триттийге бөлді, бүкіл Аттика 30 триттийға бөлінді. Әрбір жаңа аумақтық фила үш: бір қалалық, бір теңіз жағалауы, бір ішкі триттийден тұрды. Бұл реформа халықты әбден араластырып, ру-тайпалық қатынастардың қалдығын бұзу мақсатын көздеді. Клисфен Аттиканың бүкіл аумағын 100 төменгі бастауыш аумақтық әкімшілікке бөлді. Олар дем деп аталды. Әр филалада 10 демнен болды. Кейіннен демдердің саны көбейді. Әрбір Афина азаматы өзі шыққан демге тіркелді. Өзі шыққан руына байланысты атауға тыйым салынды. Сөйтіп рулық қатынастар жойыла бастады.

400 адамнан тұратын солондық кеңес бесжүздіктер кеңесіне айналды (әр фила 50 өкілден). Халық жиналысында тыңдалуға тиісті істерді

әзірлейтін орган ретіндегі оның рөлі күшейді. Бесжүздіктер кеңесі жоғарғы әкімшілік орган болды.

Остракизм (куғын-сүргін). Үкіметтің беделді азаматтары Афина жерінен аласталып куғынға ұшыратылды. Куғынға түскен беделді азаматтардың Аттикаға 10 жылдан кейін қайтып келуіне рұқсат етілді. Ондай азаматтардың отбасы және мүлкі есептен шығарылмай, сақталды. Бұл куғынның құрметті түрі деп есептелді. Ең беделді азаматтар Афинаның халық жиналысында ресми белгіленіп отырды. Афинаның 6000 азаматы қолына берген тасқа, ыдыстың сынығына олардың атын жазды. Клисфеннің реформалары Афинадағы демократиялық құл иеленушілік полистің қалыптасу процесін аяқтады. Клисфеннің реформалары рулық құрылыстың ең соңғы қалдықтарын "түпкіліктен" жойған төңкеріс еді.

### **Афинадағы құлиеленушілік демократияның саяси ұйымы**

Афина мемлекетінің басты билік органдары - халық жиналысы, бесжүздіктер кеңесі, ареопаг, гелиэя, стратегтер, архонттар комиссиясы, болды. Афина мемлекетінің басты билік органы халық жиналысы - эклексия. Халық жиналысы 10 күнде бір рет Акрополь жанындағы үлкен жайдақ төбе Пникстің басына жиналатын. Кейінірек мәжілістер Афина театрында өткізілетін болды. Халық жиналысына 20 жасқа толған Афина азаматтары қатынасады. Афина азаматтары деп саналатын адамдар Аттиканың қала тұрғындары, еркек адамдар, 18-ге толғаннан кейін бір жыл ішінде семсерлесу, ату, найза лақтыру, жаттығуларын үйренуі үшін Пир ауданында бірге жиналады. Бір жыл оқудан кейін олар күзет қызметтерін атқарады да, 2 жылдан кейін 20 жасында Аттика азаматтары деп саналатын болды. Олардың ұстазы-софронистер өте беделді, белгілі адамдар, оларға бір күн оқытқаны үшін 1 драхма беріп тұрды, олар 500-діктер кеңесінің мүшесі деп саналды.

Афина азаматтарының негізгі құқықтарына бостандық, жеке тәуелсіздік, жерге қожалық ету, үкіметтен нарықтық көмек алу жататын. Ал міндеттеріне мүлікті сақтап ұстау, өзі тұрған полиске көмек беру, отанды қорғау, үкіметтің заңын орындау, құдайды сыйлау, мемлекет басқару ісіне белсенді қатысу кіретін.

Өзге қалалардан Афинаға қоныс аударған гректер - метектер және сондай-ақ құлдар эклексияға (халық жиналысына) жіберілмейтін. Халық жиналысының ең біріншісі негізгі, басты деп аталды. Бұл жиналыс бүкіл лауазым иелерінің есебін тыңдайтын, егін жағдайын және мемлекеттік қауіпсіздік сақшысының ісін қарайтын. Халық жиналысы 9-10 күнде бір рет жиналды. Басқа жиналыстары Афина саясатының барлық негізгі мәселелерін талқылайтын және шешетін, қаржы мәселелерін қарайтын, соғыс және бейбітшілік жөніндегі мәселелерді шешетін, өзге елдерден келген елшілердің баяндамаларын тыңдайтын және сондай-ақ күнделікті көптеген мәселелерді қарап отыратын. Халық жиналысында әрбір афина азаматы кез келген мәселені көтеруге ерікті еді. Шешім ашық дауыспен қол көтеру арқылы кейде жабық дауыспен де қабылданатын. Жабық дауыс бергенде урнаға

бұршақ, қара не ақ тастар, не болмаса жазуы бар ыдыстың сынықтары салынған. Халық жиналысын жинайтын притандар, олар 5 күн бұрын халық жиналысының күн тәртібін жариялайтын. Б. д. дейінгі 395 жылы халық жиналысына қатынасқан азаматтарға ақы төлеу тәртібі енгізілді.

Халық жиналысынан тысқары өзге де демократиялық мекемелер өмір сүрді. Дегенмен, өздерінің маңызы жөнінен олардың ешқайсысы халық жиналысымен теңесе алмайтын. Афина халық жиналысының қызмет бабы өте кең болатын. Онда: заң қабылдау, қызмет адамдарын сайлау, қаржының қалай жұмсалғанын тексеру, жоғарғы сот қызметін өткізу, халық жиналысын басқару органдары болды. Аттикада бүкіл қызмет адамдары халық жиналысы арқылы бір жылға сайланып тұрды. Азаматтардың бәрі сайланбастан бұрын докимазияға салынды. Бесжүздіктер кеңесі, архонт, 10 стратегтер, Ареопаг, Гелиэя, қаржы комиссиялары деген қызмет органдары болды.

**Архонтар.** Афина тұрғындары архонттарды сайлады. Бірінші архонт соттың төрағасы болды және басты діни қызметті атқарды. Екінші архонт-базилевс, ол дін салтын басқарды, үшінші базилевс-полемарх құрбандық шалу қызметінде, қалған архонттар-фесфомет қызметінде болды. Буле-бесжүздіктер кеңесі. Бұл кеңес халық жиналысы талқылауға тиісті мәселелерді әзірлеп, олардың күн тәртібін белгілейтін. Бұдан тысқары бесжүздіктер кеңесі Афинаның қызмет адамдарының істерін қарайтын.

Булевтерді әрбір аумақтық филадан жасы 30-ға келген 50 ер адам сайлайтын. Булевтерді докимазиядан өткізеді. Әрбір булевтің ойын, жүріс-тұрысын, бет алысын, міндетін және құқығын тексереді. Булевтер міндетке ие болудан бұрын өзінің жұмысын адал атқарамын деп халыққа ант береді. Булевтер басына жасыл жапырақ қадап, сайланған уақыты біткеннен кейін өз жұмысы туралы сайлаушылары алдында есеп беріп отырады.

**Бесжүздіктер кеңесі.** Бесжүздіктер кеңесінің қызметі. Бұл жоғарғы басқару органы болып саналды. Бесжүздіктер кеңесі қаржы жүйесінің басқару органы болды. Ол мемлекет қазынасына ақша қайдан түсетінін анықтап, үкіметтің қарыздарын жинады, мүлігін сатты, азаматтарға жәрдем ақша берді. Бесжүздіктер кеңесінің басқаруында сонымен бірге теңіз әскери күш де болды.

Бесжүздіктер кеңесі ғибадатхананың, мерекелердің, кемелердің, қоғамдық құрылыстардың қамын ойлады.

Бесжүздіктер кеңес қызмет тәртібі өте қызық. Әрбір аумақтық филадан сайланған 50 кеңес мүшесі жылдың 10 күнінде бір рет, барлығы 1 жылда 36 күн жұмыс істейтін. Бұл уақыт-притания, ал кеңес мүшелері притан деп атады. 50 адам 36 күн үлкен базардың жанындағы дөнгелек үйде бірге тұрып, мемлекетті басқарған.

**Гелиэй.** Гелиэй - ант берушілер соты - ірі демократиялық мекеме еді. Судьяларды жеребе бойынша бүкіл Афина азаматтары сайлайтын. Барлығы 6000 судья сайланатын, олардың ант берген 5 мыңы 501 кісіден он комиссия құрды. Ал бір мыңы қосалқы судьялар еді. Афина соты 10 комиссияға бөлінді. Судьялар мен сот мекемелерінің саны осынша көп болуы –

олардың тек афины азаматтарына ғана емес, өзгелелерге де қызмет етуіне байланысты еді. Мұнда Афинаның барлық одақтастары, басқаша айтқанда, іс жүзінде Кіші Азия жағалауының, Оңтүстік Францияның және Эгей теңізі аралдарының барлық тұрғындары дерлік сот істерімен келуге тиісті еді.

Гелиэйда бірде бір азамат өзінің ісі қай комиссияда қаралатынын алдын ала білмейтін. Ол мұны сот болатын күні немесе мәжіліс басталардың алдында ғана білетін. Мұндай ереже сот қызметкерлері пара алмауы үшін қажет болды. Ертедегі кезде адвокаттар болмайтын. Сот қызметкерлері немесе айыпталушы шығып сөйлейтін, сондай-ақ олардың туыстары да сөйлей алатын. Сотта сөйлейтін сөздерін оларға заңгерлер жазып береді. Жазылған сөзді жаттап алып, жылдам әрі дұрыс айту шарт еді. Соттың мәжілісі ашық өтті. Екі жақ дәлел келтіріп, біреуді куәлікке салды.

Құлдардың сотқа берген жауабы оларды тек қинағаннан кейін ғана дұрыс деп саналатын.

### **Спартадағы мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктері**

Біздің дәуірімізге дейінгі VII-VIII ғасырда Пелопонестің оңтүстігінде ежелгі Спарта мемлекеті өмір сүрді. Мемлекет Спарта деп аталғанымен, ол ел өздерін Лакония деп атады. Спарта ежелгі Грекияның тарихына үлкен із қалдырған ел. Спарта мемлекетінің пайда болуына алып келген себептердің ерекшеліктері болды. Олардың бірі - таптық қоғамның пайда болуына соғыс әсер етті. Жеңіп алған дорийцтер жергілікті ахей тайпаларымен бірігіп, Спарта қоғамын құрды. Олар көрші Мессенияны бірігіп жаулап алды да, өздерінің жерлерін кеңейтті.

Спартаға біз саяси демократиялық мемлекет деп мінездеме береміз. Жаулаушылар жерге, құлдарға жеке меншік құрып, оған тапты сарала ұды өткізді, спартиаттар үстем тапқа, жеңіліп қалған тұрғындар құлдарға және құқығы кем азаматтарға айналды. Олар илоттар деп аталды. Илоттардың жерлері ең құнарлы болатын, сондықтан олар өздерінің жерлерін спартиаттарға бермеу үшін көп уақыт олармен соғысты. Лаконияның басқа шаруалар қауымы Спартаға бағынып өздерінің жерлерін бере салды. Олар периэкттер деп аталды. Илоттарға қарағанда периэкттердің құқықтары көп болды. Өздерінің қауымында олар азаматтық құқықтарды пайдаланатын, бірақ Спартаның өзінде олар екінші сортты адам деп саналып, үкіметті басқаруға қатыса алмайтын. Сонымен Спартада 3 тап пайда бодды: олар спартандықтар, илоттар және периэкттер еді.

Дорийліктер өздерін басты қаласы Спартаның атымен спартандықтармыз деп атады.

Пелопонестің аумағында, таулы жерлерде тұратын тайпалар, сондай-ақ дорийліктерге өз еркіменен бағынған ахейліктердің кейбіреулері периэкттер деп аталды. Бұлар толық құқылы азаматтар болмаса да, құлдыққа түсе қоймаған халық.

Илоттардың құқығы құлдардың құқығына жақын екені белгілі. Спарта халқының негізгі таптары-сословиелері: спартандар, периэкттер және илоттар осылай бөлінді.

Мессен соғысынан кейін спартоандар мессен жерлерін алып болғаннан кейін оларды 9000 жер учаскесіне белді. Сол жер учаскелері спартоандарға таратылды. Учаскені бөлуге болмайтындай етіп, илоттармен бірге берілді. Әрбір жер учаскесінде илоттардың 1-2-3 отбасылары тұратын еді. Ол жерлер илоттармен бірге сатылып отырды.

Спартоандар илоттар мен периэкттерді басып-жаншып тастайтын. Егер бала аурулы, әлсіз болып туылса, оны әкесіне шатқалдан лақтыруға бұйыратын. Денсаулығы дұрыс мықты баланы тірі қалдыратын да, ол жеті жасқа дейін анасының бауырында тәрбиеленетін.

7 жастан бастап бала қоғамдық мектепке барып, онда ер жеткенше, яғни, 18 жасқа дейін уақытын өткізетін. 7 жастан-12 жасқа дейін 1 кезеңі деп саналады. Плутарх былай деп жазған: "Ликург заңымен балаларды ақысына жұмыс істейтін мұғалімдерге өткізуге болмайды". Балалардың 12 жасқа дейін оқитын жері Агела деп аталды. Агеланы ең күшті, ақылды бала басқарды.

Мектептің тәртібі өте қатал болатын. Балалар қатты төсеніште жастықсыз ұйықтап, жеңіл көрпе ғана жамылатын. Олардың киімі де жеңіл болатын. Қысы-жазы жалаң аяқ, жалаң бас жүретін. Олар ыстықты қалай көтерсе, суыққа да солай шыдауы керек еді.

Спарта балалары өзара көп төбелесетін еді. Қарттар олардың төбелесіне қарап, балалардың мінез-құлқын зерттеп отыратын. Спарталықтар балаларын төзімділікке тәрбиелеу үшін, оларды аштық пен сусын ішпеуге үйретті. Кейбір күндерде оларға су бермейтін. Оларды жараның ауырғанына шыдауға үйрететін.

Мектепте балалар дене шынықтырумен және әскери іспен шұғылданды. Тәрбиенің мақсаты - күшті де шыныққан жауынгер өсіру еді. Олар оқуды, жазуды, санауды, ән салуды және билеуді, патриоттық тақырыпқа өлең оқуға үйренді. Философиямен, өнермен айналысуға рұқсат етілмеді. Балалар мейлінше қысқа да ықшамды сөйлеуге үйретілді.

Грекия елінде тек жалғыз Спартада ғана әйелдердің тәрбиесіне үлкен назар аударылды. Спарталықтар денсаулығы жақсы бала тек денсаулығы жақсы анадан ғана туады деп санайтын. Сондықтан қыздар үй тіршілігімен айналыспайтын. Мұның бәрін илот әйелдері істейтін. Спартаның әйелдері ерлер сияқты бала күнінен бастап гимнастикамен және спортпен шұғылданды.

Қыздар ұл балалар сияқты оқитын, жаза және санай алатын. Спартоандар кәмелет жасқа жеткенде үйленіп, шаңырақ құрды. Бірақ олардың кейінгі өмірі таза әскери сипатта болды. Күні бойы олар әскери отрядта, сол өздері мектепте бірге оқыған жолдастарымен бірге болды. 20 жасынан бастап еркін спартоандар сисситияға қатынасады, жерге қожа болады. Сисситияның мүшесі болу үшін белгілі бір мөлшерде заттай үлес қосуы тиіс еді.

Сисситияның әрбір мүшесі ұн, арақ, май, ірімшік, жеміс тәрізді өз үлесін әкеліп тапсырады. Сисситияда олар әскери жаттығуларды бірге жасап, бірге тамақ ішті. Сисситияның мүшелері "тең адамдар қауымына" кірді және барлық саяси құқықтарды пайдаланды. Егер спартоандық кедейленіп, сисситияға өзінің үлесін қоса алмайтын болса, ол қауымнан шығып қалады,

содан барып "тең адамдар қауымынан" да шығарылатын. Сөйтіп ол саяси құқығын да жоғалтатын.

Спарта азаматтары 30-ға жасқа толғанша өзінің құқығын толық пайдалана алмады. Оған базарға барып бірдеме сатып алуға рұқсат берілмеді, өзіне керек заттарын ол 30-ға толған туысқандарына сатып алғызады. Өте көп уақытын ол сисситияда өткізетін. 30 жасқа толған Спартаның азаматтары құқықтарын толық пайдаланатын. Осы уақыт ішінде ол шаңырақ құрып, үкіметтің үлкен қызмет орнын пайдаланды. Спарта тәрбиесінің, сондай-ақ спарталықтар өмірінің барысы елдің әскери атын нығайту мақсатына бағытталды. Спартандық ең алдымен жауын табуы керек еді. Бұл сырттан келетін жаудың жақындығынан туған қажеттілік емес, өзімен дұшпандық пиғылдағы халық илоттармен үнемі бірге өмір сүруден туған құбылыс еді.

Өкімет спартандықтардың жеке өмірінде істейтін істерін құқықпен тәртіпке салды. Спартада тұратын азаматтар заңның алдында бірдей деп саналды. Спартадағы адамдар байып кетпеу үшін өкімет алтын және күміс ақшаны қолданудан қалдырды. Сауда мен қолөнер ұят жұмыс саналып, оны тек илоттар ғана атқарды. Жерді сатуға болмайтын еді. Спарта азаматтарының киген киімдері қарапайым, үйдің ішінде пайдаланатын заттары бірдей болды. Ешкім бай ыдыс-аяғымен және үйдің заттарымен, суреттермен және кілемімен мақтана алмады. Ешкімде сән-салтанатты нәрсе болған жоқ, бұл заттарды шетелден де әкелуге рұқсат етілмейтін. Осының бәрі эфорлар шпасының қадағалауында болатын.

Спартандықтар қауымының мықты шығын илоттардың б. д. дейінгі 466 жылы болып өткен көтерілісі көрсетті. Адамгершілікке сыймайтын қатынастарға илоттар көтеріліс арқылнаразылық білдірді. Әсіресе б. д. дейінгі 464-455 жылдардағы көтеріліс есте қаларлықтай ірі болды. Бұл ежелгі Грекиядағы ең үлкен таптық күрестің көрінісі еді.

Спартаның сыртқы саясаты да қатар жүрді. Өзіне көрші Коринф, Сикион, Мегары деген полистарды бағындырып алды. Бірақ Спартаның нарық пен мәдениеті басқа мемлекеттерден қала бастады. Өйткені, сыртқы елдер оған қырғи-қабақпен қарап, сенімсіздік білдіріп отырды. Осындай саясат салдарынан Спарта саяси реакцияның ошағына айналды. Спартаның пұрсатты табы-"спартандар" тең адам қауымы дегенді құрды. Бұл рулық қоғамнан таптық қоғамға өтетін кезеңге тән әскери демократияның қалдығы еді. Спартандар әскери іспен шұғылданды. Тек осы ғана спартандарға лайықты іс деп саналатын. Күшті де мықты жауынгерлер тәрбиелеу үшін Испартада арнаулы тәрбие жүйесі болатын. Әрбір жаңа туған баланы Спартаның жоғарғы мекемесі-герусияға, яғни, ақсақалдар кеңесіне апаратын. Мұнда арнаулы комиссия нәрестені өмір сүруге қалдыру керек пе, не оны өлтіру керек пе деген мәселені шешетін.

**Илоттар.** Спарта мемлекетінің ішкі саясаты илоттарды бағындыруға бағытталды. Илоттардың құқығы болған жоқ. Спартандық илотты өлтіре алатын. Жылына бір рет Спартада "криптия" күні өткізілетін. Жас спартандықтар түнде жиналып, ешкім танымас үшін маска және ұзын жамылғыштар киіп, илоттардың селоларына аттанатын. Кездескен илотты

жабылып өлтіретін Спартандықтар ең жас және күшті илоттарды өлтіруге тырысатын. Өлтіруді үйрену үшін жас спартандықтар илоттарға су қосылмаған арақ беретін еді. Олар мас болып, бұзық өлең айтып, жаман би билеп, бұзықтық көрсететін. Спартандықтар илоттардан жиіркену сезімінде тәрбиеленді, олар илоттарды қатты жек көретін еді. Илоттар ең қиын да ауыр жұмыстарды істейтін. Олар Спартаның басқа тұрғындарынан ерекшелену үшін айрықша киініп, иттің терісінен тігілген құлақшын киетін.

Әскерде илоттар қосымша жұмыстар атқаратын (елген кісілерді жерлейтін, тосқауылға тұратын, илоттар ешқандай қылмыс істемесе де, олар өздерінің құл екенін ұмытпасын деп спартандықтар оларды таяқпен ұратын).

Адамгершілікке сыймайтын мұндай қатынастарға илоттар көтерілістермен жауап беріп отырды.

**Пәриэктер.** Спартаның жер учаскелерінің көбі пәриэктерге бөлініп берілді. Пәриэктер қолөнермен және саудамен айналысты. Олар тастан және құмнан ыдыс істеді, жүннен киім тікті және ежелгі Грекиядағы ең жақсы болатты қорытты.

Спарта қауымының артта қалуы пәриэктерге сауда мен қолөнерін дамытуға мүмкіндік бермеді. Пәриэктер көбіне ең қажетті нәрселерді ғана жасады. Үйлер балта мен араның көмегімен ғана салынды. Құрал-саймандар ұстауға рұқсат етілмейтін, оның үстіне тіпті Спарта мемлекеті бұған өзі тыйым салған. Сонымен бірнеше ғасырлар бойы спарталықтар қолөнер өркендеудің төмен дәрежесінде болды.

Спарта мемлекеті қандай да болсын сыртқы саудаға тыйым салған еді. Бірде-бір шетел кепесі Спартаға келе алмайтын. Басқа елдерден ешқандай тауар әкелінбейтін. Сауда тек ел ішінде және жергілікті базарда жүргізілетін. Бұл уақытта Грекияда күміс ақша жүретін, бірақ Спартада оны қолдануға рұқсат етілмейтін. Мұнда сауданы қиындату үшін үлкен темір ақшаны әдейі ұстайтын. Спартаның ақшасы үлкен темірден істелген өте ауыр болатын. Оны арнаулы қоймаларда сақтайтын.

Илоттарды бағынышта ұстау қиын болды, өйткені олар спарталықтардан бірнеше есе көп еді. Спарта мемлекеті әскери күштің қуатымен ғана өмір сүруге мәжбүр болды.

Спарта мемлекетінің аристократтық түрі оның қоғамдағы нарықтық қатынасына байланысты болды. Натуралдық шаруашылықтың үстемдігі, қолөнер мен сауданың нашар дамуы Спарта қоғамынан тыс қалған пәриэктердің қолында шоғырлануы бұл елдің өзіндік ерекшелігі болды.

Әскери басқару органдарының күшейіп, әскери емес жай халықты басқаратын органдардың аздығы мемлекеттің құрылымына елеулі әсер етті.

Спартада қос патшалық болды (Архагет). Дорийлық және ахет қауымының Спартаға қосылғанын дәлелдейтін фактордың бірі осы. Бұл Спартаның екі әулетінен: Агиадтар және Эврипонтидтерден шыққан билеушілер.

Патша билігі мұрагерлікпен жалғасатын. Патшалар әскерді басқарды және абыздың функциясын жүзеге асырды. Патшаны 9 жылда бір рет дін басылары сайлайтын. Патша қызметінің ең мықты саласы - әскери басқару.

Соғыс уақытында патша қандай болса да шешім шығаруға құқылы еді. Соғыс біткеннен кейін патшаның барлық үкімі күшінде болатын. Патшаның кейбір сот істеріне оралуға да құқығы болды: ол ұл бала асырап алу, мұра алу, мұра қалдыру істерін түгелімен қарайтын. Патшаның өлімі Спарта үшін үлкен оқиға қатарынан саналды. Онда базар 10 күнге жабылатын, сауда тоқтайтын. Патшаның денесін балға салып сақтайтын, халықтың бәрі онымен қоштасуы тиіс. Илоттар патша өліміне бетін тырнап жылауға мәжбүр болған.

Спартаның патшалары бай адам, ірі жер қожасы болатын. Олар апелла мен герусияға бағынатын, оларды эфорлардың комиссиясы да қатты бақылайтын. Патшаның қасында гомейлер - таңдап алған спартаңдар, флейтистер, дәрігерлер, пифийлер сияқты көмекшілері болды. Ол тойларға өзінің 2 пифий көмекшілермен келетін. Тойларда патшаны төрге отырғызып, ең құрметті тамақты беретін. Оларға белгілі бір күндері семіз мал, арақ және сұлыдан істелген ұн беретін. 8 жылда бір рет жұлдыз бойынша бақылап, халық патшаны соттауға да құқылы болды.

Патшаның толық нөкері: гомей, адьютант, дәрігер, сыбызғышы, пифи, балгер сияқты 300 адамнан тұратын. Патшаның өзін 300 адам қорғайтын, олар 3 командирге-гиппагретке бағынатын.

Әскери қызмет. Наварх-флот басқарушы. Бұл төтенше қызмет орны. Соғыс кезінде бұның билігі патшадан да күшті болды. Навархтың құқығы патшаның құқығына жақын, олардың нөкерлері болатын. Олар патшамен бірге тасаттық беретін.

**Халық жиналысы (Апелла).** Жасы 30-ға жеткен спарталық ер адамдар халық жиналысына қатысатын. Бұл жиналыс соғыс және бейбітшілік сияқты ірі мәселелерді шешетін. Бірақ рөлі кемігеннен кейін ол герусияның жанындағы ақыл беретін кеңесші органы болып қалды. Халық жиналысында дауысқа салу болған жоқ, барлығы ұсыну арқылы шешілетін. Бірнеше кісіні кішкентай бір үйге жауып қойып, қай сұраққа жұрттың айқайы қатты болды деп сұрайтын еді. Бұл жағдайда дауыстың көптігі анықталмаса, халықты екі жаққа бөлетін. Халық жиналысы қызмет адамдарын, әскери басшыны және туған балалары болмаған жағдайда патшаны сайлайтын еді. Илоттарды босату жағдайында қарайтын. Спартадағы халық жиналысының басқа да көп ерекшеліктері болатын. Мысалы, ол заңдарды тек кеңес мүшелершің ұсынысы бойынша қарайтын, оның жиналатын белгілі бір уақыты да болмайтын. Жиналыстың құзыреті де шектелген еді, мысалы ол қаржы мәселелерді қараған жоқ, магистрлерді бақыламайтын және сот функциясын да атқармайтын.

**Эфорлар алқасы.** VII ғасырдың екінші жартысында жаңа қызмет органы пайда болды. Бұл эфорлар алқасы. Ол алқа 5 эфордан тұратын. Оларды жыл сайын Спартаның қауымы айқаймен сайлайтын. Алдымен эфорлар патшалардың функциясын шектеу үшін пайда болған. Соңынан эфорлардың маңызды функциясының бірі- конституцияның орындалуын полицияның қадағалауы үшін, яғни азаматтық сот герусиядан эфор алқасына берілді. Соғыс уақытында эфор алқасының екі мүшесі патшамен бірге соғысқа баратын. Айына бір рет патшадан заңды дұрыс орындаймын деген



ант алатын. Эфорлар периэкттер мен илоттарды бақылайтын. Спарта азаматын эфор етіп сайлағанда ол криптия өткізуге тырысатын. Тек содан кейін өзінің қызметіне кірісетін. Эфорлар мен геронттар былай сайланатын: геронт қайтыс болып, оның орны босаған соң, эфор боламын деген 60-қа келген азаматтар герусияға баяндама беретін. Содан кейін оларды апеллаға шақырып алып, сайлайтын. Олар апеллада отырған азаматтардың алдынан бір-бірден өтетін де, кішкентай бір үйде жауып қойған адамдар қай кісінің өткенін білмей, көрмей, қайсысына халықтың қатты айқалайғанын айтатын. Қайсысына кісілер қатты айқайлайды, сол эфор немесе геронт болып сайланады. Эфорлар патшаны герусия сотына да тартуға құқылы болған. Олар басқа мемлекеттің елшілермен келіссөз өткізетін, оған апелланың мәжілісінде төрағалық жүктелетін. Эфорлар бүкіл спартандықтардың тәрбиесін қадағалайтын. Эфорлар комиссиясы көп мәселелерді геронттармен бірігіп шешті. Олар Спартаның ақсүйек органдарының бір түрі. Спартаның тарихында геронттар мен эфорлардың пара алғаны аз емес. Аристотель Спартаның эфорларын тирандар деп атады.

**Герусия-қариялар кеңесі.** Герусияға 2 патша және 60 жасқа толған 28 геронт кіреді. Геронттар халық жиналысында өмірлік сайланатын. Оларды да айқаймен сайлайтын. Герусия мемлекеттің жоғарғы кеңесі, жоғарғы соты және спартаның әдет құқығының сақтаушы органы болатын. Герусияның соты тек қана мемлекетке қарсы қылмысты және басқа қылмыстарды қарайтын болды. Азаматтың істерін герусия эфорлардың алқасына беріліп отырды. Спартаның герусиясы-өте шағын әлеуметтік топтың органы. Ұзақ уақытқа сайланатын бұл ұжым басқа бірде-бір органға бағынбайтын, бірде-бір орган оның жұмысын бақыламайтын органға айналды. Герусияның қабылдаған шешімдері халық жиналысында формальды түрде қаралатын. Герусияның мәжілісі күн сайын өтетін. Ол әскери, қаржы, сот істерін қарап, өзінің қызмет бабын үнемі көрсетіп отырған.

## Қорытынды

Афины тұрғындарының құқықтық жағдайы. Грек қоғамы үш әлеуметтік топтан құрылды: құлдар, азаматтар, билік иегерлері. Құлдардың қайнар көзі - соғыс, қарақшылық және құл саудасы: 1) әскери тұтқындар мен қолға түскен бейбіт тұрғындар, 2) Фракия және скиф ақсүйектерінің өз қандастарын сатуы, 3) құлдардың өзара көбейуі.

Құлдар құқықтың субъектісі емес объектісі болып табылған. Яғни құлдар жанды құралдар санатына жатқызылған. Іскер құлдарды қожайыны қолдап, жеке кішігірім шеберхана ашып беретін. Бұл жағдайда құл кейбір заңды мәмілелерді жасайтын болғандықтан, белгілі бір құқыққабилеттілікке ие болған.

Құлдарды босату, еркіндікке жіберу мүмкіндігі бар. Бірақта олар азаматтыққа ие бола алмайды тек «бөтендер» деген санатқа қосылады. Еркіндікке босатылған құлдар бұрынғы қожайынына, яғни патронына толық тәуелді және оның рұхсатымен қана үйленетін немесе өлер өлгенше оған қызмет атқарады. Олар өлгенде ұрпағы, яғни балалары болмаса оның мүлкі қожайынына қалады.

Меншік құқығы. Б.з.д. V ғасырда Афины азаматтары арасында жеке меншіктің саны көбейген. Афиныда меншік мемлекет тарапынан берген игілік көзі ретінде есептелген. Ірі жер иегерлері мемлекетке пайдалы салық (литургии) төлеп отырған.

Афины құқығында бөтеннің мүлкіне деген құқық болған. Жер иеленуші өз жерін 20 метрге дейін қазып су көзін таба алмаса, көршісінің үйінен күнінде екі рет белгілі мөлшерде су ала алады.

Афин құқығында шарттардың келесі түрлері болды: сауда-саттық, жалдау, серіктестік, тапсырма, жеке жалдамалық және т. б. Деликтіден туындайтын міндеттемелер болған.

Неке және отбасылық құқық. Ежелгі Грекияның әйел адамдары бала күнінде әкесінің билігінде, тұрмыс құрған соң күйеуінің билігінде болған және әрекетқабилеттілігі жоқ деп саналған. Неке құру кезінде қыздың келісімі есептелінбеген, яғни ата-анасының қабылдаған шешімі заңды болып саналған. Қызға дүние берілген, егер ажырасқан жағдайда өзімен бірге қайтарылатын немесе өліп қалса әкесіне қайтарып беретін.

Қайтыс болған адамның мүлкі оның отбасына және жақын туыстарына қалдырылған. Ереже бойынша әйелін мұрагерлер тізімінен алып тастаған.

XII кесте заңдары Рим құқығының негізгі қайнар көзі болды. Бұл заңдарды әрбір азамат білуге міндетті болды.

Қылмыстық құқық. XII кестеде қылмыстық жазаланатын әрекеттердің шағын ғана тізімі берілген. Ең алдымен қылмыстық әрекет болып мемлекетке және қоғамдық құрылысқа қарсы бағытталған әрекет болып табылады. Жоғарыда айтылғандай көптеген заңбұзушылық әрекеттер қылмыстық деп топтастырылмай, азаматтық-құқықтық деликт ретінде қарастырылған.